

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті
Қазақ әдебиеті кафедрасы



**«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ:
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР»**

Көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ
14 қараша, 2025 жыл

Астана, 2025

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф 72

Жалпы редакциясын басқарған:
Басқарма төрағасы-ректор Е.Сыдықов

Редакция алқасы: Ж.Құрманғалиева, А.Бейсенбай, Ж.Аймұхамбет, С.Дүйсенғазы, Г.Сағынадин, С.Жұмағұл (жауапты шығарушы).

«ФОЛЬКЛОРТАНУ МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР МЕН ПАРАДИГМАЛАР» көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың туғанына 85 жыл толуына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 14 қараша, 2025 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е.Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025. – 375 б.

ISBN 978-601-385-142-6

Жинақта Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Қазақ әдебиеті кафедрасының ұйымдастырумен көрнекті фольклортанушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, академик, қоғам қайраткері Сейіт Қасқабасовтың 85 жылдығына орай өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары қамтылды. Ғалым зерттеулерінің филология ғылымындағы маңызы, қазіргі фольклортану мен әдебиеттанудың өзекті мәселелері сараланған ғылыми мақалалар топтастырылды.

Жинақ филология саласының мамандарына, ұлт тілі мен әдебиетінің жанашырларына арналған.

ISBN 978-601-385-142-6

ӘОЖ 398+821.512.122.0

КБЖ 82+83

Ф72

ISBN 978-601-385-142-6



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025

МАЗМҰНЫ

<i>Сыдықов Е.</i> Кіріспе сөз	3
Құттықтаулар	5

Пленарлық баяндамалар

<i>Абдрахманов С.</i> Сейіт Қасқабасов – фольклортану феномені	15
<i>Матыжанов К.</i> Халық мұрасын қастер тұтқан ғұлама	31
<i>Омарұлы Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасов және ежелгі шығыс сюжеттерінің трансформациясы	39
<i>Қамзабекұлы Д.</i> Алаш қайраткерлері ел әдебиеті туралы	44
<i>Metin Ekici.</i> Seit A. Kaskabasov ve türk dünyasi folklor çalışmalarına katkıları	55
<i>Құрманәлиев К.</i> Академик Сейіт Қасқабасов: рухани-тілдік құндылық мәселелері	61
<i>Fazıl Özdamar.</i> Köroğlu (Goroğlu) destanı araştırmalarında alexander chodzko'nun yeri	65
<i>Власова Г.</i> «Золотая жила» С.А. Каскабасова – «Золотой» фонд классической фольклористики	72
<i>Пангереев А.</i> Балладалық жыр: зерттеу тәсілдері (академик Сейіт Қасқабасов еңбектері егізінде)	77
<i>Сыздықов С.</i> Академик С. Қасқабасов: фольклор мен тарих арақатынасының кейбір мәселелері туралы	83
<i>Аймұхамбет Ж.</i> Сейіт Қасқабасов зерттеуіндегі қазақ мифологиясы	86
<i>Әбсадық Ә.</i> Ұстаз жолы: ерік-жігер мен парасат бірлігі.....	90

1-секция. Академик Сейіт Қасқабасов және қазіргі фольклортану міндеттері

<i>Негимов С.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың ғылыми шығармашылығы ...	97
<i>Еспенбетов А.</i> Ірі оқымысты	104
<i>Жұртбай Т.</i> Ағажай	109
<i>Тұрысбек Р.</i> Алыптар тоғысы (Академик Сейіт Қасқабасовтың Абай мен Жамбыл жөніндегі зерттеулерінің әдеби-рухани мәні)	114
<i>Рахымов Б.</i> Фольклортанушы С. Қасқабасовтың өмірі мен өнегесі	126
<i>Дүйсенгазы С.</i> Даналық	129
<i>Әуесбаева П.</i> С.А. Қасқабасов және фольклордағы әңгіме жанры	133
<i>Жақан Д.</i> Өшпес өнеге.....	138
<i>Рақыш Ж.</i> Сейіт Қасқабасов және ғашықтық жырлар	143
<i>Касенов С.</i> Дәстүрлі шешендік сөздердің құрылымдық ерекшеліктері мен қазіргі шешендік дискурс: типологиялық салыстыру	147
<i>Қабылов Ә., Шоқай М.</i> Қоғамдық сана және көркем әдебиет	152
<i>Набиолла Н.</i> С. Қасқабасов және шетелдегі қазақ мұрасы.....	161

<i>Кокбас Ж., Байжанова Ж., Жукенова Н.</i> Қазақ фольклорының типологиясы мен поэтикасын зерттеу: цифрлық гуманитаристика мүмкіндіктері	164
<i>Джубанова Г.</i> Қазақ постфольклорының жанрлық жүйесі және қазіргі зерттеу ұстанымдары.....	172

**2-секция. Сейіт Қасқабасов мұрасы
және мемлекетшілдік мұрат**

<i>Ибраев Ш.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклортану саласындағы еңбектерінің ғылыми-теориялық және тарихи-мәдени маңызы.....	180
<i>Мустафа Неркиз.</i> Seyit Kaskabasov ve kazak folklorunun metinsel restorasyonu.....	185
<i>Тойшанұлы А.</i> Академик С.А. Қасқабасовтың фольклор жанрын жүйелеу қағидаттары мен әдістері	195
<i>Кривошапова Т.</i> Выдающийся ученый-фольклорист	198
<i>Байтанасова Қ.</i> Академик С.Қасқабасов: фольклорлық жанрлардың табиғаты хақында	202
<i>Жұмағұл С.</i> Академик С. Қасқабасов және 1960-1980 жылдардағы қазақ фольклористикасы.....	206
<i>Сағынадин Г.</i> Фольклортанудағы ғылыми феномен және жаңа парадигмалар (академик Сейіт Қасқабасовтың әдіснамалық тұжырымдары негізінде).....	221
<i>Қорғанбеков Б.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың эпостанушылық еңбектері	227
<i>Ашенова А.Т.</i> 1920-30 жылдардағы фольклорлық жарияланымдар.....	235
<i>Кемеңгер Қ., Жұмабекқызы А. Н.</i> Ғабдуллиннің «Біздің жігіт» романындағы прототип мәселесі (академик С. Қасқабасов бейнесі негізінде)	241
<i>Карипбаев Ж.</i> С.А. Қасқабасов зерттеулеріндегі қазақ мифологиясы	245
<i>Алимбаев А.</i> Академик С.А. Қасқабасов: Абай және фольклор	251

**3-секция. Сейіт Қасқабасов зерттеулері
және пәнаралық ықпалдастық**

<i>Жақытов Ж.</i> Қазақ лингвофольклортануы бастауында (академик С.А. Қасқабасов еңбектерінің негізінде)	255
<i>Оразбек М.</i> Академик Сейіт Қасқабасовтың ұлттық гуманитарлық ғылымға қосқан үлесі.....	263
<i>Кемеңгер Қ.</i> Ғылымдағы сабақтастық және қазіргі қазақ фольклортануындағы құнды еңбек	269
<i>Кадыров Ж., Кадыров А.</i> Әдеби шығармашылық үдеріс: ғылыми-теориялық тұрғыдан зерттеудің маңызы.....	275

<i>Сайфуллаев Б. О‘zbek va qozoq tillari gap strukturasi da frazeologik birliklarning qo‘llanishi (O‘zbekiston mahalliy qozoq adiblari asarlari misolida)</i>	278
<i>Жұмаев И.Х. Yusuf Xos Hojibning “Qutadg‘u bilig” dostonida tashbeh she’riy san’ati talqini</i>	285
<i>Келгембаева Б. Мекендік аңыздарды мәдени-танымдық туризм саласына пайдаланудың кейбір жолдары</i>	291
<i>Мұқатаева Қ. Көрікті ой мен көркем сөздің шебері</i>	299
<i>Аликулова Х. О‘zbek va qozoq yor-yorlarining o‘ziga xos janriy xususiyatlari.....</i>	306
<i>Ақтанова А. Абай Құнанбайұлы бейнесінің көркем және деректі кинолоарда сомдалуы.....</i>	310
<i>Абдуллина А. А. Кемелбаева прозасындағы автофикшн элементтері</i>	314
<i>Төлеуқоңыр Ж. Қазақ прозасындағы «Әке» концептісінің көркемдік аясы (М. Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Жетім» әңгімелері негізінде).....</i>	320
<i>Қаратай Б. Тәуелсіздік дәуіріндегі қазақ прозасы (стильдік-көркемдік ерекшеліктері)</i>	333
<i>Дәуренбек А. Қазақ фольклорының тарихи сана қалыптастырудағы қызметі: Тұрсын Жұртбайдың ғылыми тұжырымы</i>	339
<i>Джаканова Ж. Фольклорлық жанрлар теориясы: баяндау, сюжет және дәстүр сабақтастығы</i>	343
<i>Айтуарова Ж. Фольклорлық хикаяның әдеби-көркем интерпретациясы (қазіргі шағын проза негізінде)</i>	349
<i>Азотбаева М. Diskursiv shaxsning dialektal ifodalanishi o‘zbek badiiy matnida.....</i>	356
<i>Галымжанова З. М. Мағауиннің «Мен» мемуарлық романындағы фольклорлық элементтер</i>	359
<i>Жанпейісова А. Қазақ балалар фольклорының этномәдени тілдік сипаты</i>	366

2. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 151 томға жетекшілік етті, автор ретінде қатысты, бәрін жарыққа шығаруды жүзеге асырды.

3. Ғылым тарихы бойынша біршама зерттеу мен мақала жазды. Аса көрнекті ғалымдар мен әдебиетшілердің еңбектерін саралап, олардың ғылымға қосқан үлесін анықтап, насихаттады (Ш.Уәлиханов, В. Радлов, Ә.Бөкейханов, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Ә.Марғұлан, А.Жұбанов, Н.Смирнова, З.Ахметов, т.б.).

4. Шет елдерде және Қазақстанда көптеген Халықаралық және Республикалық конференцияға, симпозиумға қатысты, баяндама жасады.

5. Көптеген ғылыми зерттеулерге, академиялық мәтін жинақтарына жетекшілік етті, жекелеген ақын-жазушылардың шығармаларын жарыққа шығаруды қамтамасыз етті.

6. Ғылыми кадрларды дайындауға үлкен көңіл бөлді. 13 ғылым докторын және 26 ғылым кандидатын үлкен ғылыми-шығармашылық, еңбек жолына бағыттады. Шәкірттері көп жағдайда академик С.Қасқабасовтың өзі жазуға үлгермей, немесе тезис түрінде айтқан проблемаларды зерттеп, өз саласына айтарлықтай үлес қосты.

ҒЫЛЫМДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРТАНУЫНДАҒЫ ҚҰНДЫ ЕҢБЕК

Қайырбек КЕМЕНГЕР, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының қауым. профессоры, филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан

В статье исследуется теоретико-методологическая особенность, жанрово-типологическая характеристика, идейно-содержательная черта, структурная форма, новизна материалов рукописного учебника С.А.Каскабасова, Ж.А.Аймухамбета «Казахский фольклор». Отмечается историческая преемственность в национальной науке в подготовке учебных книг, особенно в области фольклористики. Выявляется современная роль данного учебника в трактовке фольклорного материала, истории казахской фольклористической школы. Делается вывод, что данный учебник по содержательному плану не находится в определенных заданных идеологических рамках. Также указывается, что он охватывает современные достижения в области фольклористики как отечественных специалистов, так и классические работы зарубежных ученых.

Ключевые слова: казахский фольклор, фольклористика, учебник, фольклорный материал, преемственность в науке, достижения ученых.

The article examines the theoretical and methodological features, genre-typological characteristics, structural form, ideological and meaningful feature of the novelty of a new manuscript of the textbook materials S.A.Kaskabasov, Zh.A.Aymuhambet "Kazakh folklore". There historical continuity in the national science in the preparation of textbooks, especially in folklore. Revealed modern role of the textbook in the interpretation of folklore, history of Kazakh folklore school. The conclusion is that the textbook on meaningful plan is not in the given ideological framework. Also Specifies the target that it covers the latest

achievements in the field of folklore as the domestic experts and classic works of foreign scientists .

Keywords: Kazakh folklore, folklore, textbook, folklore material, continuity in science, scientific achievements.

Ұлт руханияты тарихында ана тілімізде оқулық жазу ісінің бастауында ұлы ағартушы, жазушы, фольклоршы, этнограф Ыбырай Алтынсариннің есімі құрметпен аталады. Қазақ балаларына арналып ашылған жаңа үлгідегі орыс-қазақ мектептері үшін оқулықтар мен оқу құралдары қажеттілігін түсінген ұстаз «Қазақ хрестоматиясы» атты әдістемелік кітап шығарды. 1876 жылы Н.И.Ильминскийге жолдаған хатында ол өмірлік мұратын былай деп жазды: «Татар тілінде жазылған кітаптардан құтылу үшін, қазақ тілінде оқуға арналған бастауыш кітабымды кеше ғана бастадым. Оны мынадай өлеңдермен бастадым:

Кел, балалар, оқылық,

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық»[1, 209-210].

Ы.Алтынсариннен кейін оқулық пен оқу құралдарын әзірлеу жұмысын алаш дәуірі қалам қайраткерлері қолға алды. ХХ ғасырдың басында қазақ баласы оқу-білімге жаппай көңіл аударған тұста қалың елдің оқу кітаптарына деген зәрулігін Ә.Бөкейханұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Тынышпайұлы, Н.Төреқұлұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Жұмабайұлы, С.Сейфоллаұлы, Х.Болғанбайұлы, Е.Омарұлы, М.Тұрғанбайұлы, Б.Сәрсенұлы, Қ.Кемеңгерұлы, С.Мұстафаұлы, С.Садуақасұлы, Ж.Тілеуліұлы, С.Айтқожаұлы сынды ұлт зиялылары өтеуге әрекет етті. Қазақстан Республикасының Халық ағарту комиссары А.Байтұрсынұлы 1921 жылы Орынборға қазақ оқығандарын жинап, мектепке оқу құралдарын даярлау комиссиясын құрды [2, 170-171].

Кеңестік дәуірде орта мектеп пен жоғарғы оқу орындары үшін ғылымның әр бағыты бойынша оқулықтар мен оқу құралдары тиянақты дайындалғаны мәлім. Соның ішінде фольклортану саласына арналған еңбектер де мол болды. Қазақ даласының түкпір-түкпіріне фольклорлық экспедициялар ұйымдастырылып, оның нәтижелерін ғалымдар жаңа ғылыми-әдістемелік жұмыстарды жазған уақытта пайдаланды. Алайда бұл жауапты салада саяси-идеологиялық сипат үстемдік етіп, көбінесе орыстың білім беру ісінің тәжірибесі үлгі ретінде қарастырылғанын ескереміз.

Жоғарғы мектепте оқытылатын «Қазақ ауыз әдебиеті» курсы бойынша оқулықтар мен оқу құралдары әзірленген кезде ұлттық карлардан М.Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, Қ.Жұмалиев, Б.Кенжебаев, Е.Ысмаилов, О.Нұрмағанбетова, Ә.Қоңыратбаев, Н.Смирнова, Х.Сүйіншәлиев, С.Садырбаев, Р.Рердібай, М.Базарбаев, Т.Сыдықов, Е.Тұрсынов, С.Қасқабасов, Б.Әбілқасымов, М.Дүйсенов, Б.Адамбаев, А.Сейдімбек, Ш.Ыбыраев, Е.Жұбанов т.б. фольклортанушы ғалымдардың ғылыми еңбектері басшылыққа алынды.

М.Әуезовтің жалпы редакциясымен жарық көрген «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» атты академиялық еңбек – қазақ фольклортануы саласында істелген ауқымды жұмыстың үлкен нәтижесіне айналды [3]. Одан бері де қазақ фольклорының көркемдік-эстетикалық, жанрлық-типологиялық сипаттамасын

айқындайтын ғылыми-теориялық зерттеулер, жеке монографиялар жазылып, арнайы диссертациялық еңбектер қорғалды. Сондай-ақ бірнеше оқулық, оқу-әдістемелік құралдар дайындалды. Солардың ішінде академик Мәлік Ғабдуллиннің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» атты оқулығын ерекше атап көрсетеміз [4].

Қазақ халқының фольклоры бойынша осы күнге дейін оқытылып келген бірден-бір оқулық болып саналатын бұл еңбек баспа бетін бірнеше мәрте көрді. Оқулық «Ауыз әдебиеті туралы түсінік» атты кіріспе, «Тұрмыс-салтқа байланысты шығармалар», «Мақал-мәтел, жұмбақтар», «Ертегілер», «Батырлар жыры», «Лиро-эпостық жырлар», «Айтыс өлеңдер» атты тарауларға бөлінген. Әр тарауда ғалым ауыз әдебиеті жанрларының өзіндік сипатын, зерттелу тарихын, тақырыптық, идеялық, көркемдік аясын жан-жақты талдайды.

Қазақ елі биыл ғасырлық тойын атап отырған Мәлік Ғабдуллин – алаш арыстарының ізбасары, кеңестік қиын-қыстау тоталитарлық қоғамда олардың гибрат жолын жалғастырушы. Ол – алаштың орындалмай қалған арманын тірілтуші, кешегі мен бүгінгі зерделі ұрпақты жалғап жатқан алтын көпір. Мәлік Ғабдуллин қайсар рухты замандастары Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтпаев, Әлкей Марғұлан, Ермұхан Бекмаханов сынды тұлғалармен қатар аманатқа адал бола білді, мойнына жүктелген ауыр міндеттің, тарих алдындағы жауапкершіліктің салмағын анық түсінді. Туған халқына ұлттық нақышта, ұлттық мазмұнда білім мен тәрбие беруге ұмтылды. Мәлік Ғабдуллин қан майданда да, бейбіт өмірде де ұлт үшін адал қызмет істеді. Білім саласында, ғылымда, ұлттық кадрлады даярлау ісінде, қаламгерлік, шығармашылық жолда ойсырап тұрған олқылықтың орнын толтыруға тырысты. Қай істі қолына алса да, алаш қайраткерлеріндей ұлт мүддесін көздеді. Мәлік Ғабдуллиннің «Халық ауыз әдебиеті» оқулығын тірі болса, Халел Досмұхамедұлы өзі жазар еді, педагогика саласы бойынша құнды еңбектерін Мағжан Жұмабайұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы тиянақтар еді. Сондықтан Мәлік Ғабдуллин шаһид кеткен абзал ағаларының жазылмай қалған еңбектерін қорытындылады, игі жұмыстарын абыроймен атқарып кетті.

Қазақ елі тәуелсіздікке қол жеткізген бүгінгі заманда білім беру ісі мен оны ұйымдастыру саласында бірқатар жаңалықтар орын алды. Алайда жоғарғы оқу орнының Филология факультетінде дәстүрі үзілмеген, тарихы тереңге тартатын пәндер сақталды. Солардың қатарында «Халық ауыз әдебиеті» деген курсты жеке атап көрсетеміз. Бүгінгі таңда 5В020500 – Филология, 5В011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтары бойынша білім алатын бакалаврлардың негізгі оқитын пәндерінің бірі – «Қазақ халық ауыз әдебиеті» мен «Әдебиеттану және халық ауыз әдебиеті» атты курстар.

Осы күні қазақ фольклортану ғылымында ауыз әдебиетін зерттеудің ғылыми-әдістемелік негіздері айқындалып, батырлар жыры, лиро-эпостық дастандар, айтыс өлеңдері, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ертегілер т.б. көптеген жанрларға жаңаша сипатта ғылыми-теориялық анықтамалар берілді. Дүниежүзі фольклортану ғылымындағы жетістіктерге сай оларға филологиялық қана емес, жан-жақты кешенді талдаулар жасалды. Осы тұрғыдан келгенде, М.Ғабдуллиннің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» оқулығында фольклортану

ғылымының бүгінгі жаңалықтары ескерілмегенін айта аламыз. Сондықтан өзінің тарихи қызметін толық атқарған ол ғылыми-әдістемелік еңбекке балама ретінде жаңа оқулық қажет болғандығы күн тәртібінде тұрғанын мойындаймыз.

Фольклортанушы ғалым, Қазақстан Республикасы ҰҒА академигі С.Қасқабасов және жоғарғы мектепте көп жыл қызмет істеп келе жатқан білікті әдебиеттанушы маман, филология ғылымдарының докторы, профессор Ж.Аймұхамбеттің «Қазақ фольклоры» атты баспаға ұсынылған оқулығы – осы зәрулікті өтеу мақсатымен жазылған құнды еңбек деп білеміз [5].

Қазақ фольклорының тарихы, классификациясы бойынша дайындалған осы оқулық авторының бірі С.Қасқабасовтың болуы, кітаптың беделін арттырады. Қазақ фольклорындағы бай рухани мұраны ұлттық және әлемдік фольклортану ғылымының озық үлгілері негізінде саралап, фольклорлық мұраға саяси-идеологиялық, таптық көзқараспен емес, филологиялық және өнертанымдық тұрғыдан баға берген, фольклордың кешенділік сипаты мен синкреттілік формасын ескерген, фольклорда халықтың көне тарихы, діни-философиялық көзқарасы мен дүниетаны, өнері, тіл байлығы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, этнографиясы, сұлулықты түсіну өлшемі, эстетикалық талғамы, мекен еткен аймағы, материалдық және рухани қазынасы барын айқындаған ғалымның ғылыми еңбектері өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан бері отандық және шетелдік беделді ғылыми жинақтарда, танымал басылымдарда жүйелі жарияланып келеді [6].

«Қазақ фольклоры» деп аталатын жаңа сапада дайындалған оқулықта әлем және қазақ фольклортануының соны жетістіктері ескерілген. Сонымен қатар, кітапта кейінгі уақытта Қазақстан аймағынан және қазақтар мекен ететін шетелден табылған ауызша сөз өнерінің озық үлгілері берілген. Талдауға саяси-идеологиялық, таптық қысымшылыққа ұшырамаған ауыз әдебиетінің көркем үлгілері алынған.

Оқулықта қазақ халқының бай фольклорлық мұрасына байланысты осы уақытқа дейін жүргізілген ғылыми-әдістемелік зерттеулер, диссертациялар, монографиялық жұмыстар, «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты 10 томдық академиялық еңбектің бірінші томында қамтылған нәтижелер пайдаланылған. Кеңестік дәуірде саяси-идеологиялық себептерге байланысты жанрлық, типологиялық, көркемдік-идеялық тұрғыда объективті зерттелмеген бай фольклорлық қазына мол және әр қилы зерделенген. Алаш қайраткерлерінің қазақ фольклорына қатысты атаусыз қалған еңбектері, жинаған ауыз әдебиеті үлгілері, оларға жасаған талдаулары әділ бағаланған. Сондай-ақ, Қазақ елі тәуелсіздікке қол жеткізген уақыттан бері фольклордың теориялық тұрғыдан терең зерттелмегені, фольклорлық мұраның мол жариялануы, осы істің басым екендігінің себебі айтылған.

Мысалы аталған еңбекте фольклор ұғымына мынадай теориялық анықтама беріледі: «Фольклор – көп заманның, бірнеше дәуірдің, әртүрлі қоғамның жемісі, сондықтан ол көпқатпарлы, көпсатылы және көпмағыналы, көпқырлы. Ежелгі замандарда пайда болған ырымдар мен ғұрыптар, діни ұғымдар мен мифтер, - бір жағынан, фольклор, өйткені олар сол тұстағы адамдардың ауызша шығарып

айтқан әңгімелері және іс жүзінде атқарған ырым-кәделері. Бұл тұрғыдан қарағанда, олар – екінші жағынан, сол дәуір қоғамының мәдениеті болды, себебі сол заманда атқарған ырым-кәделер мен айтылған әңгіме-мифтер сол қауым үшін мәдени рөл де атқарды. Үшінші жағынан, әртүрлі ырымдар, ғұрыптар, діни-нанымдар мен мифтер алғашқы қауым адамының дүниені танып-білу процесінде қалыптасқан руханият еді. Олар, түштеп келгенде, сол бір көне дәуір адамдарының дүниетанымы еді» [5, 6].

Оқулық «Кіріспеден», «Фольклор туралы жалпы түсінік», «Фольклордың көне бейкөркем түрлері», «Фольклордың көркем жанрлары» атты үш бөлімнен және қосымша материалдардан тұрады. Қосымша материалдарда бақылау тапсырмалары, реферат тақырыптары, қорытынды бақылау тапсырмалары, қазақ фольклорынан тест сауалдар сынды мәселелер қамтылған.

Қарастырылған әр тақырыптан кейін оқулық талабына сай әдебиеттер, сұрақтар мен тапсырмалар берілген. Олар студентке тақырып бойынша өзін-өзі тексеруге, білімді пысықтауға жәрдемдеседі. Әдебиеттерде қазақ фольклортану саласы бойынша маңызды теориялық ғылыми еңбектер, әдістемелік оқу құралдар ұсынылған.

Оқулық авторлары отандық және әлемдік фольклортану ғылымындағы соңғы ғылыми зерттеулерге сүйенген. Фольклордың жанрлары мен түрлерін жүйелегенде, шығу тегі мен даму кезеңдерін белгілегенде, халық өмірінде алар орнын танығанда, философиялық, әлеуметтік, тәрбиелік және дүниетанымдық сипатын көрсеткенде жаңаша көзқарас білдіріп, тың талдаулар жасаған. Мысалы қазақ ауыз әдебиеті бойынша осы уақытқа дейін жазыған оқулық, оқу құралдарында фольклордың шағын жанрлары саналатын мақал-мәтелдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар кітаптың алғашқы бөлімдерінде, бірінші дәрістерде оқытылу көзделсе, «Қазақ фольклоры» оқулығында ол тақырыптар соңғы бөлімге енгізілген. Осылайша, тақырыптарды жүйелеп, оны оқытуды жоспарлағанда фольклорлық жанрдың көлемін емес, шығу тегін, тарихын, даму эволюциясын ескерген. Яғни, тақырыптарды жүйелегенде тарихи-хронологиялық ұстанымды берік сақтаған. Отбасылық ғұрып фольклоры, балалар фольклоры, жерлеу ғұрып фольклоры, кәсіпке қатысты ғұрыптық фольклор, маусымдық ғұрып фольклоры, магиялық фольклор сынды тақырыптар фольклордың көне бейкөркем түрлері деп танып, оларды оқулықтың екінші бөліміне топтастырған.

Фольклордағы жанр ұғымына теориялық анықтама ұсынып, қазақ фольклорында осы түсінікке жауап беретін миф, хикая, әпсана, хикаят, аңыз, ертегі, эпос жанрларының өзіндік ерекшелігін, көркемдік-эстетикалық бейнесін, тарихи-танымдық сипатын, гуманистік-тәрбиелік белгісін, зерттелу тарихын, олардың әрқайсысын іштей мазмұнына қарай одан әрі жіктеп талдаған.

«Қазақ фольклоры» оқулығы ғылыми стильде, студент ұғымына жеңіл байыпты тілде жазылған. Оны жоғарғы оқу орнында білім алатын «Қазақ филологиясы», «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандықтарының студенттері негізгі оқу-әдістемелік кітаптың бірі ретінде пайдалана алады. Еңбек қазақ фольклоры пәні бойынша балама оқулық міндетін атқарады деп есептейміз.

Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан: «Әрқайсымыз тарих алдында арқалаған жүгімізді тиісті жеріне дейін жеткізсек, болғаны» деп айтқан. Қазақ баласына оқу мен білім беру саласында, оларға оқулық дайындау жолында алаш арыстары да, М.Ғабдуллин де, С.Қасқабасов та өздері арқалаған жүкті тиісті жеріне дейін апарды. Біздің бүгінгі парызымыз – сол дәстүрге берік болып, аманатқа адалдық танытып, кейінгі ұрпаққа салмақ салмай қалған жүкті лайықты жеріне жеткізіп беру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин Ыбырай. Таза бұлақ: Өлеңдер, әңгімелер, хаттар, очерктер. – Алматы: Жазушы, 1988. – 320 бет.
2. «Ақ жол» – Көп томдық. – Алматы: Оңтүстік Қазақстан облыстық саяси қуғын-сүргін құрбандары мұражайы, 2011. Том. 2. – 427 бет.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1 том: Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы, Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1960. – 737 б.
4. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: ҚМОКБ, 1958. – 241 б.; Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Қазақстан, 1974. – 456 б.
5. Қасқабасов С.А., Аймұхамбет Ж.Ә. Қазақ фольклоры: Жоғарғы оқу орындарына арналған оқулық. – Астана, 2015. – 230 бет (*қолжазба*).
6. Қасқабасов С. Қазақтың қиял-ғажайып ертегілеріндегі көне дәуірдің қалдықтары // Қазақстан мектебі. 1967. № 8. 80-82 бб.; Ескендір туралы қазақ ертегілері және Абайдың «Ескендір» поэмасы // Қазақстан мектебі. 1968. № 2. 66-70 бб.; Жануарлар жайындағы ертегілер // Қазақстан мектебі. 1972. № 3. 93-96 бб.; Фольклорлық мұра жайында // Жұлдыз. 1973. № 2. 188-191 бб.; Қиял-ғажайып ертегілер. – Қазақ Совет энциклопедиясы. VI том. Алматы, 1975. – 565 б.; Құбығұл жыры. – ҚСЭ. VII том. Алматы, 1975. – 16 б.; Құламерген. – ҚСЭ. VII том. Алматы, 1975. – 25-26 бб.; Мыстан кемпір. – ҚСЭ. VIII том. Алматы, 1976. – 247 б.; Роланд туралы жыр. – ҚСЭ. IX том. Алматы, 1976; Салт ертегілер. – ҚСЭ. X том. Алматы, 1977. – 626-627 бб.; Фольклорлық мұралар және қазіргі әдебиет // Семей таңы. 1980, 1, 5, 7, 8, 9 август; Қазақ ертегілеріндегі тарихилық мәселесі // Қазақ ССР ҒА Хабарламасы. Филология сериясы. 1983. № 1. 21 б.; Қазақ мифологиясы // Білім және еңбек. 1983. № 10, 11 б.; Қазақ фольклорындағы ұлттық киімдер // Қазақ әдебиеті. 1984. 2 сентябрь және т.б.